



@ILE\_AKIMAT  
@ILE\_TANY



№5 (5167)

Алматы және Жетісу облыстық  
қоғамдық-саяси апталық

30

қаңтар (жұма)  
января (пятница)

2026

жыл  
год

Алматинская-Жетысуская областная  
общественно-политический еженедельник

### Төрткен Кененқызы – 90 жаста!

Құрметті Төрткен Кененқызы! Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі, адам өмір жолының асқар биігі – 90 жастың шыңына алып жетті. Сіз осы келелі жасқа тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз.

Қазақ халқы «Қасқа айғырдан қасқа тумаса да, төбел туады» деп бекер айтпаған. Әнші, композитор, ақтангер ақын Кенен атамыздың ұлы өнерін өлтірмей, ХХІ ғасырға жеткізген, әке мұрасын жас ұрпаққа насихаттап, ата жолын құған өзіңіздей ардақты ана, өнер жа-

## ҚҰРМЕТ ПЕН ТАҒЫМҒА ТОЛЫ ҒҰМЫР

Сіз «Қазақ ән өнерінің бозторғайы» атанған Кенен Өзірбаев атамыздың асыл тұяғы, қазақ өнерінің жанашыры болумен қатар халыққа қызмет көрсетудің ең өзекті саласы – білім беру ісінде еңбек етіп, тыңғылықты істер атқарып, жас ұрпаққа білім беруде сүбелі үлес қосқан ұстазсыз. Бүгінде Іле халқы Сізді ауданымыздың құрметті азаматы, үлкен абырой, жоғары беделге ие болған тәжірибелі ұстаз, ауданымыздың мәдениет саласына елеулі еңбегі сіңген өнер адамы ретінде сыйлап, азаматтық биік болмысыңызды үлгі тұтып, қадірлейді.

нашыры болған асыл жанды мерейлі жасымен құттықтау – біз үшін мәртебе. Сізді 90 жасқа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Тоқсанның асуынан асып, жүзге аяқ басқан шағыңызда да көзіңізден от, жүрегіңізден жылу кетпесін дей отырып, Сізге деніңізге саулық, көңіліңізге сезімнің шалқар шаттығын, жаныңызға зор денсаулық, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз!

**Қайыржан ЖАҚСЫМБЕТОВ,**  
Іле ауданының әкімі

## ІЛЕ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



2009-2011 ж.ж. – Іле ауданы әкімі аппаратының жалпы бөлімінің төтенше жағдай және әскери жұмылдыру дайындығы мәселесі бойынша жұмыс жөніндегі бас маманы.

2011 жылдың 1 сәуір мен желтоқсан айының 6 аралығында Іле ауданы әкімі аппаратының заң және мемлекеттік-құқық жұмыс бөлімінің төтенше жағдайлар, жұмылдыру дайындығы және азаматтық қорғаныс мәселелері бас маманы қызметін атқарған.

2011-2012 ж.ж. – Іле ауданы, Боралдай кенті әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды.

2012-2013 ж.ж. – Іле аудандық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы;

2013-2015 ж.ж. – Іле ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы;

2015-2017 ж.ж. – Панфилов ауданының әкімі аппаратының басшысы;

2017-2019 ж.ж. – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу басқармасының басшысы;

2019-2024 жылдары Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Алматы облысы бойынша департаменті басқармасының басшысы;

2024-2026 жылдары Іле ауданы әкімінің аппарат басшысы болып еңбек етті.

2026 жылдың 28 қаңтардан бастап, Іле ауданы әкімінің орынбасары болып тағайындалды.

## КӨНЕНІҢ КӨЗІ, ШЕЖІРЕНІҢ ӨЗІ

Қазақтың рухани дүниесінде өткен мен бүгінді жалғап отырған алтын көпір бар. Сол көпірдің үстінде көненің көзіндей болып өкениң ізін жалғап жүрген абзал жандардың бірі – Төрткен Кененқызы. «СССР халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Қазақстан Республикасының халық ағарту ісінің озық қызметкері», Қазақстан Республикасының «Мәдениет қайраткері», Алматы облысының, Іле ауданының «Құрметті азаматы» Төрткен Кененова бүгінде ғасырмен құрдас ғұмырдың асқар белесі – 90 атты торқалы жасқа қадам басты. 90 жыл тағдырлы тарих болса, сол тарихтың алтын парағын бүгін тағы бір парасатты ғұмыр толықтырды. Осылайша қазақтың Төрткені өмірдің ұзақ керуенінде тоқсан жылдың жүгін арқалап, даналықтың биігіне көтерілді.

Төрткен Кененқызы есімі елге белгілі, Жетісу өңірінің рухани шежіресін көкірегіне түйген, сөз қадірін терең түсінетін парасатты тұлға. Ол-халық жадында сақталған ескі әңгіме, шежіре, салт-дәстүр мен рухани құндылықтарды бүгінгі ұрпаққа аманаттап келе жатқан жан. Оның болмысы мен бітімінен қазақы мінез, ұлттық рух, атадан алған тәлім айқын аңғарылады.

Ақындығымен, сазгерлігімен аты шыққан әкесі елге сыйлы, сөзге тоқтаған, көне тарихты, ескі жөн-жоралғыны жетік білген, өз ортасында ақылымен, адамгершілігімен танылған азамат болған. Төрткен Кененқызы сол өкениң тәрбиесін, өмірлік ұстанымын, елге деген адалдық пен жауапкершілікті бойына сіңіріп өсті. «Өкениң ізі-балаға сын» дегендей, ол әке аманатына қиянат жасамай, рухани мұраны жалғастырды өмірлік мұрат етті.

Төрткен апай әкесінің рухани мұрасын көзінің қарашығындай сақтап, оны халыққа кеңінен насихаттап жүрген жан. Ол әкесінен қалған әндерді тек орындап қана қоймай, сол әндердің шығу тарихын, мазмұнын, айтылу мәнерін қоса жеткізіп, тыңдаушыға тұтас бір рухани әлем сыйлауда. Төрткен апай үшін әке әндері – жай ғана әуен емес, ұрпаққа аманат, жүрекке жазылған тарих. Ол домбыраны қолға алған сәттен бастап әкесінің болмысын, мінезін, өмірге деген көзқарасын ән арқылы сөйлетеді. Домбыраның қоңыр үнімен әке сөзі қайта жаңғырып, өткен күндердің елесі көз алдына келеді.

Әкесі жиырмасыншы ғасырдың дүлдүл ақыны, жыршы-сазгері атақты Кенен Өзірбаев «Төрткенімді бермеймін тоғыз ұлға, қырсығымды кескен төлбасым», – деп еркелетіп өсірген қызына жастайынан өнерден, әдебиеттен дәріс беріп, қазақтың өткен ғасырлардағы тарихын құлағына сіңіре білді. Бұл аз болғандай, өзі суырыпсалма ақын, жыршы, сал-сері Кенен Өзірбаевтың үйіне еліміздің игі жақсылары жиі жиналып, таңды-таңға ұрып қазақ тарихынан ұзақ-сонар әңгіме айтып, сыр шертетін. Мұның бәрін бір айтқанды қағып алатын Төрткен санасына сіңіріп, зердесіне тоқып алатын. Одан бергіде жиырмасыншы ғасырдың Гомері атанған Жамбыл Жабаевты көзімен көрді.

Қазақтың ұлы тұлғасы, көрнекті мемлекет қайраткері Дінмұхамед Қонаевпен, әдебиет мейрамдары Мұхтар Әуезовпен, Сәбит Мұқановпен, Ғабит Мүсіреповпен, Тайыр Жароковпен, Ғани Ормановпен дастархандас болды. Әсіресе Сәбит Мұқанов, атақты сазгер Нұрғиса Тілендиев, профессор Мырзатай Жолдасбеков осы шаңырақтың бел баласындай еді. Осындай ірі тұлғалардан үлгі-өнеге алды. Солар арқылы еліміздің төл тарихына, әдебиетіне, мәдениетіне, өнеріне еркін бойлай білді. Игі жақсы асылдарымызбен арала-



су арқылы солардың да өмір тарихына, жүріп өткен жолдарына тереңінен қанық болды.

Сөйтіп, «Базарым-ай», «Назарым-ай» деп, көңілдері шерменде болып жүрген Кенен ата мен Насиха апаның зарлы қайғыларының бұлтын сейілткен, жүректеріне үміт отын жаққан кішкентай ғана қара қыз жастайынан қағылез, зерек болып өсті.

Өсе келе Кенекеннің қолдан жасап алған домбырасы аққолтай қызының қолынан түспейтін болды. Жарытып күй тарта білмесе де, домбыраға тыным бермейтін. Қызының өнерге деген талпынысын алғаш болып байқаған әкесі:

– Қызым, «Алтын пышақ қында жатпас», – деген бар, күй білмесең де домбыранды тарта бер, тарта бер. Егер бойыңда шынымен бірдеңе болса, әйтеуір бір сыртқа шығады, – деуші еді. Кім білсін, әлдекімдер құсап, сол кезде «пернені бұзасың» деп кішкентай қыздың қолынан домбыраны жұлып алса, көңілі құлазыр ма еді. Болашақты алыстан көздейтін әке баланың бетін ешқашан қаққан емес. Сөйтіп жүріп, 10–12 жасқа келгенде аққолтай қыз әкесі шығарған ән-жырды домбыраға еркін түсіре алатын халге жетті. Бұдан былайғы жерде көркемөнерпаздар үйірмесіне белсене қатысатын болды. Бірте-бірте әке мен баланың арасындағы шексіз махаббат шығармашылық байланысқа айнала бастады. Заманның дүлдүл ақыны, көмейінен ән төгілген композиторы, әншісі Кенен Өзірбаевтың көрші-қолаң, ел-жұрт «Аққолтай қыз» деп атап кеткен қызы Төрткен мейлі мектепте оқысын, мейлі институтта білім алсын, мейлі еңбек етсін, жұрт арасына өкениң әнін насихаттаудан, оны таратудан жалыққан емес. Бұл еңбегі де кезінде ескерусіз қалмады. 1957 жылы Қазақстан жастарының тұңғыш фестивалінің дипломанты болса, 1985 жылы Бүкілодақтық көркемөнерпаздар шығармашылығының лауреаты, 1995 жылы «Тұлпар» сыйлығының лауреаты атанды. «Сен неге артист болмадың?» деп Төрткен Кененоваға сұрақ қойғандар аз болған жоқ. «Әншінің баласы міндетті түрде әнші болуы керек пе? Бүкіл бала атаулы өкениң жолымен жүріп, оның дегенін істесе, тіршілік өзгеріссіз қалған болар еді», – дейтін ондайда Төрткен апай.

(Жалғасы 4-бетте).